



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бағалау стратегиясы

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 23.07.2025

Күшіне енген күні: 23.07.2025

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.2 ІЕ

Бекітуші орган: Академиялық кеңес

Тіркеу нөмірі: 35

Иесі: Оқу мен оқытудағы инновациялар
орталығы

Қайта қарау күні: 03.07.2028

Қолданылуы: Назарбаев Университеті

Күші жойылған құжаттар:

Атауы: Назарбаев Университетінің бағалау стратегиясы

Күні: 30.03.2016

Тіркеу нөмірі: 30

Бекітуші орган: Академиялық кеңес



1-бөлім. Мақсаты және қолданылуы

1.1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бағалау стратегиясы (бұдан әрі – Бағалау стратегиясы) Назарбаев Университетінде (бұдан әрі – Университет немесе НУ) бағалаудың негізінде жатқан үміттер мен қағидағтарды белгілейді. Атап айтқанда, бағалау Еуропалық жоғары білім кеңістігінде Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен ұсынымдарға (ESG 2015) сай болуы тиіс, осы стандарттарға сәйкес Университет аккредиттеуден өтуді мақсат етеді.

1.2. Осы Бағалау стратегиясы НУ-дың оқуды бағалауға және курстар мен бағдарламаларда бағалау процестерін басқаруға қатысатын оқытушыларға, студенттерге және академиялық әкімшілерге қолданылады.

1.3. Жеке білім беру бағдарламалары Инженерия және технология бағдарламаларын аккредиттеу кеңесі (ABET), Мемлекеттік саясат, басқару және әкімшілік мектептері желісі (NASPAA) сияқты басқа да аккредиттеу органдарының стандарттарына сәйкес болуы тиіс. НУ-дың Бағалау стратегиясы түрлі аккредиттеу ұйымдарының талаптарын ескерудің маңыздылығын мойындайды.

2-бөлім. Терминдер / Анықтамалар

2.1. Осы Бағалау стратегиясында мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) Академиялық адалдықты бұзу – бағалау кезінде Университеттің адалдық пен оқытуға жауапкершілікпен қарауға қатысты стандарттарына қайшы келетін іс-әрекеттер;

2) Академиялық сапаның негіздемелік құрылымы – академиялық стандарттар мен білім беру сапасын белгілеу, қолдау және қамтамасыз ету процестерін белгілейтін құрылым;

3) Бағдарламаларды жыл сайынғы мониторингтеу (APM) – мектептердің академиялық көрсеткіштері бойынша жыл сайынғы есептілікті көздейтін НУ-дың академиялық сапа жөніндегі негіздемелік құрылымының құрамдас бөлігі;

4) Бағалау – студенттің курс немесе бағдарлама аясындағы академиялық ілгерілеуі мен үлгерімін өлшеуге арналған әдістер мен рәсімдер. Курстық жұмыстарды, емтихандарды, топтық жобаларды, далалық зерттеулерді, тағылымдамаларды, презентацияларды, дипломдық және дипломнан кейінгі жұмыстарды, сондай-ақ жобаларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, оқу қызметінің кең ауқымына қолданылатын оқуға арналған бағалауды (формативті бағалау) және оқуды бағалауды (жиынтық/қорытынды бағалау) қамтиды;

5) Оқу мен оқытудағы инновациялар орталығы (ООИО) – оқытушылардың инновациялар, технологиялар, оқу және оқытуды дамыту салаларындағы кәсіби дамуына жауапты бөлімше;

6) Курс бойынша оқыту нәтижелері (CLOs) – студенттер курсты аяқтаған соң не білуі және істей алуы керектігін сипаттайтын тұжырым;



7) Критериалды бағалау – бағалау басқа студенттердің нәтижелерімен салыстыруға емес, берілген оқу нәтижелеріне және тиісті критерийлерге негізделген жүйе;

8) Қалыптастырушы бағалау – материалды игеру процесінде оқуға ықпал ететін кері байланыс ұсынуға бағытталған бағалау түрі;

9) Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелері (PLOs) – студенттер оқу бағдарламасын аяқтағаннан кейін не білуі және істей алуы тиіс екенін сипаттайтын тұжырым;

10) Мектептегі оқу және оқыту комитеті – оқу және оқытуға қатысты шешімдер қабылдауға жауапты мектеп деңгейіндегі комитет;

11) Еуропалық жоғары білім кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен ұсынымдар (бұдан әрі – Еуропалық сапа стандарттары [ESG], 2015) – Университет оған сәйкес аккредиттеуден өтуді мақсат ететін нұсқаулық. Құжат 10 стандартты қамтиды;

12) Жиынтық/қорытынды бағалау – белгілі бір тақырып бойынша білім алушылардың түсіну деңгейін, білімін, дағдылары мен құзыреттерін меңгеруін бағалауға арналған бағалау түрі. Бұл оқытудың соңғы кезеңіндегі бағалауды білдіреді.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1 Бағалаудың мақсаттары

3.1.1. Бағалау студенттердің білім беру тәжірибесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы Бағалау стратегиясы шеңберінде бағалау курстық жұмыстарды, емтихандарды, топтық жобаларды, далалық зерттеулерді, тағылымдамаларды, презентацияларды, дипломдық және дипломнан кейінгі жұмыстарды, сондай-ақ жобаларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қызметтің кең спектрін қамтиды. Ол формативті және жиынтық/қорытынды бағалауды қамтиды – басқаша айтқанда, оқуға арналған бағалау және оқуды бағалау.

Университеттегі бағалаудың негізгі мақсаты – студенттердің курс пен бағдарлама деңгейіндегі оқыту нәтижелеріне (CLOs және PLOs) қол жеткізу арқылы зияткерлік, әлеуметтік және физикалық дамуын жүзеге асыруға және көрсете алуына мүмкіндік беру. Бағалау студенттерге оқу процессін және оқыту нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін түсінуге көмектеседі. Университеттің мүдделі тараптары бағалау процесстері тиісті бағалар қою мен академиялық дәрежелер беру үшін сенімді және дәйекті негіз беретініне сенімді болуы керек.

3.1.2. Университет бағалау мынадай талаптарға сай болады деп күтеді:

1) Курс пен бағдарлама бойынша жарияланған оқыту нәтижелеріне сәйкес студенттердің білімі, дағдылары мен құзыреттерін әділ және сенімді бағалауды қамтамасыз етуі тиіс;

2) Нақты пән мен білім беру бағдарламасының деңгейіне (бакалавриат немесе дипломнан кейінгі білім беру) бейімделген әртүрлі және сараланған бағалау тәжірибелерін қамтуы тиіс;

3) Жекелеген студенттердің жетістіктер деңгейін ажырата алуы тиіс;



4) Инклюзивті, студенттің оқуына және кәсіби мақсаттарына қолдау көрсететін бағалау арқылы олардың өзін барынша жақсы қырынан көрсетуіне мүмкіндік беруі тиіс;

5) Студенттерді белсенді оқуға ынталандыруы, мотивация беруі, оларды тартуы тиіс;

6) Курс пен бағдарлама бойынша оқыту нәтижелеріне сәйкес келетін уақтылы әрі мазмұнды кері байланыс арқылы студенттердің дамуына бағыт беруі тиіс;

7) Университет пен аккредиттеу органдары белгілеген стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ететін сапаны басқару рәсімдеріне бағынуы тиіс.

3.2. Бағалау қағидаттары және оның қайта қаралуы

3.2.1. Университеттегі бағалау мынадай қағидаттарға сәйкес әзірленеді:

1) Бағалау критериалды бағалау қағидаттарына негізделеді;

2) Бағалау туралы ақпарат анық әрі қолжетімді болады;

3) Бағалау сенімді және жарамды болады;

4) Бағалау курс пен бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерімен сәйкестендіріледі;

5) Бағалау тапсырмаларының көлемі мен әртүрлілігі курстың оқыту нәтижелеріне және оның оқу жүктемесіне (кредиттік кредиттерде) сәйкес келетін болады;

6) Бағалау инклюзивті және әділ болады;

7) Бағалау әдістері шынайы болады, мүмкіндігінше студенттердің болашақ кәсіби қызметі барысында кездесетін тапсырмалар мен материалдарды қамтиды;

8) Әрбір курста формативті және жиынтық/қорытынды бағалау көзделетін болады;

9) Бағалау әдістері мен тапсырмалар академиялық адалдықты насихаттауға және академиялық адалдықты бұзуға мүмкіндік бермейтіндей етіп әзірленеді.

3.2.2. Университеттегі бағалау мынадай қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) Бағалау дәл, жүйелі және тексеруге қолжетімді болуы тиіс; әділ және ашық болуы керек, яғни бағалау тапсырмаларын әзірлеу, баға қою, модерациялау және нәтижелерді қайта қарау/растау рәсімдері бірыңғай болуы тиіс.

2) Студенттерге берілетін кері байланыс мазмұнды, практикалық тұрғыдан пайдалы және уақтылы болуы тиіс.

3) Бағалау тапсырмалары академиялық адалдыққа сәйкестігі тұрғысынан бір немесе бірнеше әдіс пен бағдарламалық жасақтама арқылы тексерілуі тиіс.

4) Студенттер процедуралық қате орын алған жағдайда бағаны қайта қарауды немесе апелляция беруді талап етуге құқылы.

3.2.3. АРМ процесі және мектептердің Сапаны арттыру жоспарларын әзірлеу аясында бағалау тәжірибелері үздік практикаларды анықтау және



тарату мақсатында қайта қаралып, тұрақты түрде жетілдірілуі тиіс. Университеттегі бағалауды қайта қарау келесі талаптарға сай жүргізіледі:

1) Оқытушылар мен мектептер студенттердің пікірі мен НУ-дың Институционалдық зерттеулер және талдау бөлімшесі (ИЗТ) ұсынатын үлгерім мәліметтерін ескере отырып, бағалау тәжірибелерін әзірлеп, оларды жүйелі түрде қайта қарап отыруы тиіс;

2) Бағалауды қайта қарау нәтижелері бағдарламалар мен мектептер бойынша жыл сайынғы есептерде көрсетілуі тиіс;

3) Аккредиттеу органдары немесе халықаралық қауымдастықтар тарапынан жүргізілетін сыртқы сараптама арқылы мектеп бағдарламаларындағы бағалау тәжірибелері қатаң халықаралық стандарттарға сай бағаланатын болады.

3.2.4. Осы Бағалау стратегиясының орындалуын бақылау және оны сәйкес Бағалау саясаты мен рәсімдері арқылы іске асыру жауапкершілігі тиісті мектептердің декандары мен академиялық істер жөніндегі вице-декандарына жүктеледі. Жалпы қадағалау Университеттің Академиялық істер жөніндегі Вице-проректорына тиесілі. Белгілі бір өкілеттіктер деканның қалауы бойынша кафедра меңгерушілеріне немесе өзге де лауазымды тұлғаларға берілуі мүмкін.

Функциялары тиісті мектептердің жарғыларында айқындалған мектеп деңгейіндегі оқу және оқыту жөніндегі комитеттер келесі аспектілерге ерекше назар аударуы тиіс:

- 1) Оқыту, оқу және бағалау арасындағы үйлесімділікті арттыру;
- 2) Бағалау тапсырмаларының көлемі мен орындалу мерзімдерінің курстар мен бағдарламалар аясында теңгерімді болуын қамтамасыз ету;
- 3) Студенттерге берілетін кері байланыстың сапасын арттыру;
- 4) Бағалау дәлдігі мен бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдер мен үдерістерді жетілдіру;
- 5) Бағалау әдістерінің шынайылығы мен алуан түрлілігін арттыру;
- 6) Бағалау және кері байланыс тәжірибесінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру мақсатында технологияларды пайдалану;
- 7) Академиялық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған бағалау әдістерін енгізу;
- 8) Студенттердің бағалауға қатысты пікірлеріне жауап ретінде оларға қабылданған әрекеттер туралы хабардар ету арқылы «циклды жабу».

3.2.5. Мектептердің Сапаны арттыру жоспарлары аясында анықталған мәселелер бойынша кәсіби даму мүмкіндіктерін мектептер Оқу мен оқытудағы инновациялар орталығымен (ООИО) бірлесіп және оның консультациялық қолдауымен не болмаса тиісті салаларда сараптамасы бар Университет оқытушылары немесе әкімшілігі өткізетін семинарларды ұйымдастыру арқылы беруі тиіс.

4-бөлім. Босату

4.1. Тек Уәкілетті орган ғана осы Бағалау стратегиясының белгілі бір ережелерінен босатуды ұсынуға құқылы. Босату тек белгілі бір уақыт



аралығына және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған ерекше жағдайларда ғана беріледі.

5-бөлім. Уақытша ережелер

5.1. Қолданылмайды.

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Осы Бағалау стратегиясы үш жыл ішінде жыл сайын қайта қаралып, қажет болған жағдайда өзгертілуі мүмкін.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының академиялық сапа туралы тұжырымдамасы;

7.2. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының магистратура және докторантура бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдер;

7.3. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдер;

7.4. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының академиялық бағдарламаларына жыл сайынғы мониторинг жүргізу қағидалары;

7.5. Назарбаев Университетінің 2023-2030 жылдарға арналған оқу және оқыту стратегиясы;

7.6. Назарбаев Университетінің оқу мен оқытудағы генеративті жасанды интеллектке жауабы;

7.7. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының магистратура, докторантура бағдарламаларын, микрокредиттері мен курстарын әзірлеу тұжырымдамасы;

7.8. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат курстары мен бағдарламаларын әзірлеу тұжырымдамасы;

7.9. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының мүмкіндіктері шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдау саласындағы саясаты мен рәсімдері.